Павлодар облысының Әділет департаменті
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
20 06 ж. 15 11
БСН 061140024231

Павлодар облысының Әділет департаменті
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА
ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ
2020 ж. 26 03 № 140 бұйрық

«Қабылданды»
«Тәлімгер»
Жастардың Қоғам Бірлестігінің
Конференциясымен
«27» ақпан 2020 ж.

«Тәлімгер»
ЖАСТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТЕГІ

ЖАРҒЫСЫ

Павлодар к.

«Тәлімгер»
Жастар Қоғамдық Бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1.1 «Тәлімгер» Жастар Қоғамдық Бірлестігі (бұдан былай мәтін бойынша ЖҚБ) құрылтайшылардын ерікті жарналарынын негізінде құрылған жергілікті қоғамдық бірлестігі бол ып табылады. ЖҚБ ауыл және қалалық жастарынын дамуына және өзінің құрамына кіретін балалар мен жастар ұйымдары мен құрылымдарынын шығармашылықтарының жемісті болуына қолайлы жағдайлар тудыру мақсатында БҰҰ-нын «Бала құқығы туралы» конвенциясының ҚР-да іске асырылуына бағытталған басым бағдарламалар мен жобалардын жүзеге асырылуына отандық және шетелдік инвесторларды тарту үшін құрылған.

1.2 ЖҚБ Қазақстан Республикасының барлық аумағында жұмыс істейді.

1.3 ЖҚБтін толық ресми және қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: «Тәлімгер» Жастар Қоғамдық Бірлестігі, қысқартылған атауы «Тәлімгер» ЖҚБ;

- орыс тілінде: Молодежное общественное объединение «Талимгер» қысқартылған атауы МОО «Талимгер»;

- ағылшын тілінде: Young People Social Union «Talimger», қысқартылған н атауы YPSU «Talimger».

1.4 «Тәлімгер» ЖҚБ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясың, ҚР-нын Азаматтық кодексі мен өзге де заң және нормативтік-құқықтык актілерін, БҰҰ-ның Балалар құқығы туралы Конвенциясың, ҚР бекіткен халықаралық шарттар нормаларын, сонымен қатар, осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.5 ЖҚБ тіркеуден еткен күннен бастап заңды тұлға болып табылады. Өзінің меншігінде жеке дара мүлігі бар, және бүл мүлікке жауапты. Коммерциялық емес үйым болғандықтан, өзінің атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарын іске асыруға құқылы, міндеттемелі бола алады, арбитражды және аралық соттарда шағым беруші· және жауапты бала алады.

1.6 ЖҚБ өз атауы көрсетілген мөрі, бүрыштамасы мен фирмалык бланкі, сонымен қатар тіркелген эмблемасы,таңбасы өзге де реквизиттері, балансы, ҚР жақын және алыс шетелдердегі банкілерінде есеп айырысу, валюталық және басқа да шоттары болады.

l.7 ЖҚБ осының барлығынан кіріс түсіруді мақсат етпейді. Онын кәсіпкерлік қызметінен түсетін қаражат ЖҚБ мүшелеріне таратып беру үшін қарастырылмаған.

1.8 ЖҚБ кәсіпкерлікпен айналыса алады, себебі ол алдына қойған мақсатқа жетудін: бірден бір көзі.

1.9 ЖҚБ белгіленген тәртіппен өз қызметін іске асыруда филиалдарын аша алады.

1.10 ЖҚБ мүшелері ЖҚБ міндеттері бойынша жауап бермейді, сонымен қатар ЖҚБ өз мүшелерінің міндеттері бойынша жауап бермейді.

1.11 Үнемі жұмыс істеп тұратын ұйымнын заңгерлік мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индекс 140909, Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Кемеңгер ауылы, Тәуелсіздік көшесі, № 7 үй.

2 Қызмет түрлері, міндеттер мен мақсаттар

2.1. ЖҚБ негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы азаматтарының бойында белсенді өмірлік ұстаным қалыптастырып, еліміздің қоғамдық және саяси өміріне араласуға деген қазығушылығын арттыра отырып, олардың рухани және интелектуалды әлеуетін экономиканы көтеру мен адамдардың өмір сүру деңгейін арттыру үшін тиімді пайдалану болып табылады.

Мақсаттарға жету үшін ЖҚБ төмендегі міндеттерді шешеді:

- білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;
- азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;
- қоршаған ортаны қорғау;
- жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;
- отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу;
- халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау;
- жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек көрсету;
- халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;
- мәдениет пен өнерді дамыту;
- тарихи-мәдени мұраны қорғау;
- қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту;
- өздерінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметіне жәрдемдесу;
- мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу;
- азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу;
- волонтерлік бастамаларды дамыту және қолдау.
- жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, білікті кадрларды іздеу және еңбек нарығындағы белсенділікті арттыру;
- жастарды әлеуметтік жауапты, саяси белсенді және патриот азамат ретінде тәрбиелеу, балалар мен жастар бағдарламаларын іске асыру;
- қоғам мен мемлекет арасындағы тиімді диалогты қалыптастыру, азаматтық қоғам институттарын дамыту;
- үкіметтік емес ұйымдардың ресурстық орталықтарын құру және олардың қызметін ұйымдастыру, оның ішінде ақпараттық-әдістемелік, консультациялық және оқыту қызметтерін көрсету;
- мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар ұсынатын қызметтердің сапасына мониторинг жүргізу;
- мемлекеттік бюджет қаражатының мақсатты және тиімді жұмсалуына қоғамдық бақылау жүргізу;
- денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қызметтер сапасын бақылау;
- ана мен баланы, зейнеткерлерді, қарттарды, мүгедектерді, аз қамтылған азаматтарды, ауыл тұрғындарын және жас отбасыларды әлеуметтік қолдау;
- қандастарға, мигранттарға және қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық пен адам саудасының құрбандарына әлеуметтік, құқықтық қолдау көрсету, заңсыз көші-қонның алдын алу;
- экологиялық жағдайға мониторинг жүргізу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шараларды іске асыру;
- мүгедектерге арналған жеке көмекші қызметтерін, арнайы тасымалдау және әлеуметтік бейімдеу шараларын ұйымдастыру;
- әлеуметтік маңызы бар жобаларды әзірлеу, іске асыру және қолдау;
- жастар еңбек жасақтары, «Жасыл ел» отрядтары, еріктілер және пікірталас қозғалыстарының қызметін ұйымдастыру және дамыту;
- бұқаралық, спорттық, мәдени және интеллектуалдық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- көңілділер мен тапқырлар клубы (КВН) және «Жайдарман» ойындарын ұйымдастыру арқылы жастардың шығармашылық, зияткерлік және коммуникативтік қабілеттерін дамыту, олардың қоғамдық белсенділігін және командалық жұмыс мәдениетін қалыптастыру.
- патриоттық тәрбие, салауатты өмір салтын насихаттау, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің алдын алу;
- әлеуметтік маңызы бар аурулардың (АИТВ/ЖИТС, туберкулез және т.б.) алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу;
- діни экстремизм мен деструктивті діни ағымдардың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру;
- қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатында дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар мен симпозиумдар ұйымдастыру;
- сараптамалық-консультациялық қызметтер көрсету, зерттеу жұмыстарына қатысу;
- ішкі туризмді дамытуға және елдің оң имиджін қалыптастыруға жәрдемдесу;
- шағын және орта бизнесті, кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету;
- Қазақстан Республикасының стратегиялық және мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысу;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға жәрдемдесу, қоғамдық келісім мен бейбітшілікті нығайту;
- жергілікті және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту.

2.2 ҚР заңдарында белгіленген жағдайлардан басқа, ЖҚБ жұмысына басқа мемлекеттік органдардың және лауазымдардың бас сұғуға құқығы жоқ.

2.3 ЖҚБ басқарушы және атқарушы органдары демократиянын принциптерін сактаулары тиіс, яғни конференциялар, пленумдар, жиналыстар шақыруға, сайлау және есеп беруді өткізу. ЖҚБ әрі қарай дамуына жағдай жасау, бұқарамен байланысты кеңейту әрі нығайту. ЖҚБ кызметінің мәселелерін еркін әрі ресми айкындалуын камтамасыз ету, үжымдық басқару принциптерін қатаң сақтау. ЖҚБ жұмысын іске асыру үшін ЖҚБ мүшелелерін тартуға, қоғамдық комиссиялар құруға және т.б.

3 ЖҚБ төменде келтірілгендердің негізінде ашылып, қызмет етеді:

3.1 ЖҚБ төменде келтірілгендердің негізінде ашылып, қызмет етеді:

- барлық органдар төменнен жоғарыға дейін сайланады;
- сайланған органдар ЖҚБ мушелелерінің алдында есеп береді;
- басшылық бүйрықтарына бағыну және катаң тәртіпті сақтау;
- еріктілік;
- мүшелелердің тең құқықтығы;
- өзін – өзі басқару;
- заңдылықты;
- жариялық.

4. ЖҚБ мүшелері. Олардын құқықтары мен міндеттері:

4.1 ЖҚБ мүше болу әркімнің өз еркі.

4.2 Ұйым жұмысына белсенді атсалысатын 16 жасқа жеткен кез-келген Қазақстан Республикасының азаматы ЖҚБ мүшесі бола алады.

4.3 ЖҚБ мүшелікке өту және одан шығу азаматтың Директорға берілген жазбаша өтініші негізінде шешіледі. ЖҚБ мүшесі Жарғыны бұзған болса, ол Директордың шешімімен шығарылады. Шығару туралы шешім ЖҚБ мүшелерінің жиналысында қарастырылуы мүмкін.

4.4 ЖҚБ мүшелері тең құқылы және тең міндетті.

4.5 ЖҚБ мүшесі ЖҚБ мүшелерінің жалпы отырысында белгіленген алғашқы өту жарнасын төлеу керек.

4.6 ЖҚБ мүшелері құқылы:

- ЖҚБ барлық басшы органдарын сайлауға және сайлануға;
- ЖҚБ барлық мәселелерін еркін талқылауға, оның шешімдерің жүзеге асыруға;
- ЖҚБ өткізген барлық негізгі бағыттарында қатысуға;
- ЖҚБ кызметі жайлы өзінің жаңа усыныстарын ЖҚБ назарына усынуға құқығы бар;
- барлық мәселелер бойынша ЖҚБ кез-келген органына өтініш жасауға және оларға тиянақты жауап талап етуге;
- ЖҚБ қолданылатын барлық жеңілдіктерді пайдалануға;
- өз жайлы әңгіме журіп жатқан жиынға қатысуға;
- КР-ның заңына сәйкес ЖҚБ ұйымдарына өз мәселелерін шешуге және құқығың қорғауға көмек сұрауға;
- түрлі өтініштерімен, нүсқауларымен ЖКБтің бақылау-ревизиялық органдарына арыз беруге және сол арыз негізінде жауап талап етуге;
- ЖҚБ жағынан қолдау табуға;
- ЖҚБ қатарынан еркін шығуға құқығы бар

4.7ЖҚБ мүшелері міндетті:

- ЖҚБ Жарғысының талаптары мен басқару органдарының шешімін орындауға;
- ЖҚБ жұмысына белсенді қатысу;
- алгашқы өту және мүшелік жарна беруге;
- ҚР-ның заңдарын басшылыққа алуға, әрі ЖҚБ мүшелерінің мудделері ушін заңды құқықтарың құрметтеуге міндетті.
- ЖҚБ жеке меншігін сақтауға, шешімдерін орындауға, қатан талапты сақтау: жалпы білімдік, кәсіби жене мәдени денгейін көтеру.

4.8 ЖҚБ басқару органдарының шешімін, Жарғыны бұзған жағдайда Директордың шешімі бойынша немесе ЖҚБ мүшелерінің жиналысында ұйымның мүшесі қатаң сөгіс алып, оның мүшеліктен шығуына әкелуі мүмкін. Бұл мәселелерді шешу барысында барынша достық ілтипат керсетілу керек. ЖҚБ мүшелігінен шығару туралы шешім оған мүшелердің екіден уш белігі дауыс бергенде ғана кабылданады. ЖҚБ мүшелігінен шығару туралы шешім кабылданғаннан кейін шағым беруге болады.

4.9 ЖҚБ мүшелігінен шығару ЖҚБ мушелерінің жиналысында шешіледі. ЖҚБ мушелігінен шығару туралы шешім оған мүшелердң екіден үш бөлігі дауыс бергенде ғана кабылданады. ЖҚБ мүшелігінен шығару туралы шешім кабылданғаннан кейін шағым беруге болады.

4.10 ЖҚБ мүшелігінен шығу:

- өз өтініші бойынша;
- мүшелік жарна төлемесе (1 жыл);
- ЖҚБ мүшелігінен шығару кезінде

Мүшеліктен шығарылған уақытта мушешк жарна қайтарылмайды.

4.11 ЖКБ дамуына улес коскан мүшелері ерекше күрметке, бағалы сыйлықтарға, күрмет грамоталарына, «ЖҚБ күрметті азаматы» атағына ие болады.

5. ЖҚБ күрылымы

5.1 ЖҚБ Конференциясы ҚР-ның заңына сәйкес басқару орындарын, мақсаттары, қызметтің формалары мен әдістерін анықтайды, кейбір мәселелерді конференциясының ерекше міндеттері жүктелетін, сондай-ақ басқа да кептеген туындаған проблемаларды шешеді.

ЖҚБ күрылымы оның филиалдары мен өкілеттіктеріннен тұрады.

5.2 Жарлықтың мақсаттарын іске асыру үшін Конференция филиалдар өкілеттіктер

ашып, оларға ағымды есеп алуға құқық береді.

5.3 Филиалдар мен өкілеттіліктер заңды тұлға болып саналмайды, олар тек ЖҚБ Директор бекіткен ереже негізінде қызмет етеді.

5.4 Заңды тұлғалық құқығы бар филиалдар мен өкілеттіктер ЖҚБ міндеттеріне, ал ЖҚБ олардың міндеттеріне жауап бермейді.

5.5 Филиалдар мен өкілеттіліктер Павлодар облысынын арасында жұмыс істейді.

5.6 Филиалдар мен өкілеттіліктер басқару орнын 2 жылға сайлайды.

6. ЖҚБ қызметін басқару.

6.1 ЖҚБ жоғары басқару органы болып - ЖҚБ мүшелерінің конференциясы болып табылады.

6.2 Конференция Құрылтайшылардың жиналысының шешімімен кемі бес жылда бір шақырылады. Мүнда ЖҚБ қызметінің негізгі басым бағыттары анықталады ЖҚБ конференциясының ерекше міндеттеріне келесілер жатады:

- ЖҚБ Жарғысы бағдарламалық және басқа өзгеріс құжаттарын қабылдайды:
- Жарғыға өзгерістер мен толықтырылулар еңгізеді;
- Директор сайлайды;
- оның міндеттерін белгілейді;
- негізі шығармашылық қызметін, жоспарларын, бағдарламаларын анықтайды;
- Директор 5 жылға, ревизиялық комиссияны 2 жылға сайлайды;
- ревизиялық комиссияның балансын, есептерін бекітеді;
- ЖҚБ қаржыландыратын көздерірді, бюджетін бекітеді;
- филиалдарды ашуға шешім қабылдайды;
- Директордың және ревизиялық комиссиясының есептерін тыңдап бекітеді;
- ЖҚБ жұмысын қайта өзгерту және тоқтату жөнінде шешім шығарады;
- ЖҚБ басқа да көкейтесті мәселелерді шешуге, онын әрі қарай даму бағытын айқындады.

6.3 ЖҚБ қызметімен конференция аралығында Директор басшылық етеді.

6.4 Директор жалғыз орындаушы басқаратын орган боп саналады:

- ЖҚБ атынан сенімхатсыз, оның мүддесін Мемлекеттік өкіметте және басқармаларда жөне де басқа да мекемелер мен ұйымдарда корғай алады:
- ЖҚБ Жарғысымен, ҚР-ның занына сәйкес қаулылар, шешімдер, ережелер және т.с.с. кесімдерді қабылдайды;
- ЖҚБ бюджетін бекітіп, оның орындалуын кадағалайды;
- ЖКБ әлеуметтік және экономикалық даму жоспарын бекітеді;
- ЖҚБ қайырымдылық бағдарламаларын бекітеді;
- филиалдар мен өкілетіліктердің ұсыныстарын қарастырады;
- бөлімшелердің секциялардын, клубтардың және басқа да құрымдылық бөлімдердің ашылуы жөнінде шешім шығарады. Оның қаржысына бақылау жасайды;
- ЖҚБ мекемелерінің қаржыландыру шарттары мен тәртібін анықтайды;
- мүлікті сатып алу және сату жөніндегі мәселелерді шешеді;
- тиісті мемлекеттік басқару органдары мен басқармаларға балалар мен жасөспірімдердің, әлеуметтік қоргау мәселелері негізінде нормативтік актілер жобасы мен басқа да өзгерістер еңгізе алады;
- конференция каулыларының орындалу жолдарын қарастырады;
- ЖҚБ мүшелікке қабылдау және одан шығару мәселесін шешеді;
- ЖҚБ мушелерінің жиналысын шақырады, ондағы көтерілген мөселелер ЖҚБ мүшелелерінін, 2/3 дауысымен қабылданды деп шешіледі;
- ЖҚБ конфереционяларына өкілдерді сайлау тәртібін бекітеді;
- ЖҚБ даму бағдарламасын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, тұжырымдау;

- ЖКБ және филиалдарының штаттағы жұмыскерлерінің жалақы қорын, бюджетін және құрылымын бекітеді;
- штаттан тыс жұмыскерлердің уақытша келісім шарт бойынша жалақысын бекіту;
- ЖҚБ кешендік, мәдени, экономикалық елеуметтік дамуын қамтамасыз етеді;
- кадрлардың даярлануын, қайта даярлануын, олардың білім алуын ұйымдастырады;
- филиал басшыларының есептерін тыңдайды;
- Жарғыны бұзған үшін филиал басшыларын орыннан босату жөнінде мәселелерді шешеді;
- басқа басшы тағайындағанша, оның орнына уақытша басшы тағайындайды;
- ҚР-да және шетелде орналасқан ұйымдармен коммерциялық, мәдени және т.б. байланыстар жасау;
- ЖҚБ сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру оны қадағалау;
- ЖҚБ және филиалдарының мөрлері мен штамптар түрлерінің үлгілерін бекітеді;
- басқа ұйымдармен қарым-қатынас жасап, оны дамытады;
- семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да шаралар өткізеді;
- есеп және есеп беру құжаттарына бақылау жүргізеді;
- келісім шарттар жасайды;
- сенімхаттар береді;
- қаржы және ақшаны жұмсауға құқылы;
- ЖҚБ мүшелеріне материалдық көмек, премия береді:
- филиал басшыларын марапаттау және премия беру мәселелерін шешеді;
- бұйрықтар мен шешімдер шығарады, барлық жұмыскерлерге қатысты бұйрықтар шығарады;
- филиал басшыларын тағайындайды;
- тек конференцияға жүктелетін кейбір мәселелерден басқа көптеген туындаған проблемаларды шешеді.

6.5 Басқару органдарынын мүшелері тәртіпті сақтан үлгілі болуы керек, сенімді актаулары тиіс. Осы міндеттерді орындамаған жағдайда олар мүшеліктен шығуға мәжбур болады.

6.6 ЖҚБ мушелік конференциясы 2/3-тен кем емес белігінің талабына сөйкес жиналады, осы кезде ғана құқылы болып есептеледі.

6.7 Басқару органдарына үміткерлерді сайлағанда, жүйелік жаңару сақталуы тиіс.

6.8 Ревизиялык комиссияның құрамы құрылтайшылардың жиналысында бекітіледі. Ревизиялық комиссиясы бақылау органы боп саналады.

Ревизиялықомиссия:
- ЖҚБ жарғысың талаптарының орындаулын;
- Бірлестігінің және оның филиалдарының,өкілеттіліктерінің шаруашылық - қаржылық жағдайын;
- Бірлестігінің жоғары тұрған органдарының, бұйрықтары мен есеп беру, бақылауның жүйесін;
- ЖҚБ мүшелерінің өтініштерінің дереу қаралуын тексереді;

Ревизиялық комиссиясының мүшелері:
- Бірлестігінің барлық жиындарына дауыс беру құқығына ие болып қатысуға;
- өзінің жұмысына, қажет болған жағдайда, мамандарды шақыруғаҢ
- басшылыққа, ревизия нәтижелері бойынша, нұсқаулар беруге құқылы;

Ревизиялық комиссия қоғамдық бастамамен жұмыс істейді. Ревизиялық тексеріске жұмсалған барлық каражат ЖҚБ есебінен алынады. Ревизиялық комиссия мен ревизияланып жатқан ұйым арасындағы дауды ЖҚБ ерекше міндеттерінің Конференцияға қарастырады. Ревизиялық комиссия ез жұмысынан есепті Конференцияда береді.

6.9 ЖКБ жанындағы ғылыми Консультациялык Кеңес (бұдан былай мәтін бойынша ҒКК) кеңесуші, ақпарат беруші орган болып табылады.

6.10 ЖҚБ жанындағы Қамкорлық Кеңесі (бұдан былай мәтін бойынша ҚК) ЖҚБ жан-жақты көмек керсету үшін құрылған, оның ішінде қайырымдылық материалдык көмек.

7. ЖҚБ міндеттері.

7.1 ЖҚБ міндетті:

- ЖҚБ Жарғысында және Қазақстан Республикасының зандарын, сонымен қатар халықаралык құқық нормаларына кайшы келмеуге;
- жыл сайын өз мүлігін қолдану туралы есеп беруін жариялауға;
- тұрақты жұмыс істейтін басқару органы орналасқан жердің және бірыңғай мемлекеттік тізбеге енгізілетін мәліметтер көлемінде атауы, басшылары туралы деректердің өзгергені туралы тіркеуші органға хабарлап отыруға;
- тіркеуші органның сұрауы бойынша жыл сайын ЖҚБ басқару органдарының шешімдері, салық органдарына тапсырылатын мәліметтер көлемінде жылдық және кварталдық есеп берулер туралы хабардар етуге;
- ЖҚБ өткізетін іс-шараларға мемлекеттік органдарынын өкілетінің катысуына қарсы шықпауға;
- Жарғылық максаттарға жету және ҚР заңдарын кадағалау барысында тіркеуші органнын өкілеттеріне ЖҚБ кызметімен танысуларына қолғабыс ету.
- демеушілерге олардың садақаларының қолданылуы туралы растау кағаздары арқылы хабардар ету.

8. Мүлігі және қаржысы.

8.1 ЖҚБ атына тіркелген мүлік құқықтық меншігі болып табылады.

ЖҚБ жер учаскілеріне, ғимараттарға, тұрғын үй қорына, транспорт, жабдықтарға, ұлттык және шетел валютасына, акциялар мен басқа бағалым оқу-өндірістік кәсіпорынға, сонымен қатар, сауықтыру мәдени-ағарту, ақпараттық, ғылыми оқу мекемелеріне және т.б. материалдық жағынан ЖҚБ жұмысын қамтамасыз етуге арналған мүлікке ие бола алады.

ЖҚБ күрылымдық бөлімшелері филиалдар құқығында болып, заңды негізде берілген қаржы мен мүлікті пайдаланады. Өзінің мөрі, басқа да құралдары, банк шоттарына сақталатын қаржысы болуы мүмкін.

8.2 ЖҚБ және оның филиалдарының мулігі мүшелерінің ерікті жарнасы, қайырымдылық жарналар, коммерциялық мекемелердің және филиалдар мен өкілеттігің кәсіпкерлік қызметінен түскен табыс, мәдени-көпшілік жөне спорттық шаралар мен кайырымдылық акциялар, баспагерлік қызметтен түскен табыс, мүлікті сату немесе жалға беру, сыртқы-экономикалық қызмет және т.б. заңмен шектелмеген қаржы түсімдері аркылы калыптасады.

8.3 ЖҚБ Қазақстан Республикасының басқа ұйымдар мен азаматтарының ақшалай қаржысын және мулігін алуға құқығы бар.

8.4 ЖҚБ меншігі заң арқылы қорғалады

8.5 ЖҚБ мүлкі мен қаржысы:

- мүшелерінің ерікті жарнасынан;
- Қазақстан Республикасының жекелеген азаматтарынан түскен сыйлықтар мен қаржылық көмектерден, мұрагерлік ақшалардан;
- басқа да заңмен шектелмеген қаржы түсімдерінен тұрады.

8.6 ЖҚБ табыс мақсат-мүдделерді орындау жолында жұмсалады.

8.7 ЖҚБ филиалдары таратылған уакытта, ЖҚБ барлық мүлігі мен қаржысы, дәл уакытта жұмыс істеп тұрған қоғамдық ЖҚБ, күрылтайшылар кеңестің шешімімен беріледі.

8.8 Филиалдарды өкілеттліктерде тіркелген мүлікке сол мекемедегі ережеге сөйкес,

аталмыш филиалдық, өкілеттіліктің бастығы жауапты.

8.9 Филиалдын, атына тіркелген мүлік, ЖҚБ өзіне ала алмайды, ескеретін жай егерде ЖҚБ филиалы таратылса.

8.10 ЖҚБ филиалдары таратылған жағдайда, оның мүлігі мен барлық қаржысы ЖҚБ беріледі.

8.11 Барлық каржы және заңды күшке ие күжаттарға: банктік тапсырмаларға вексельдерге, келісім шарттарға, сенімхаттарға ЖҚБ Директоры қол қояды.

9. Жарғыға қосымшалар енгізу тәртібі.

9.1 Жарғыға езгертулер мен қосымшалар ЖҚБ кез келген мүшесі немесе ревизиялық комиссия енгізе алады. Ол Директордың қарастырылуына беріледі.

9.2 Егер олар үшін 2/3-тен кем емес делегаттар дауыс берсе, өзгертулер мен қосымшалар енгізіледі.

9.3 Бұл езгертулер мен қосымшылар мемлекеттік тіркеуден өту керек.

10. ЖҚБ қайтақұрулары мен жабылуының тәртібі.

10.1 ЖҚБ қайтақұрулары (қосылу, жалғану, бөліну, қайтақұру) конференцияның шешімі бойынша өткізіледі.

10.2 Жабылуы да егерде көпшіліктің дауысымен конференцияда шешіліп, КР-ның заңы бойынша бұл шешім сотта тәртіп бойынша бекітілуі тиіс.

10.3 Сондай-ақ ЖҚБ кызметі басқа да тәртіп пен шағымдар бойынша тоқтатылуы мүмкін.

10.4 ЖҚБ құрылуы мен кызметінің тоқтатылуы бойынша белгіленген уакытта және заңды болу керек.

10.5 ЖҚБ күжаттары, оның қызметі тоқтатылғаннан кейін мемлекеттік архивке берілуі тиіс.